

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



XIX ғасырдың 30-60 жылдары бүкіл қазақ даласында отаршылдарға қарсы күрес өршіп тұрған кезең еді. Соған байланысты патша үкіметі тұрақты әскер ұстап тұру, бұрынғы бекіністердің арасын жақындата түсу үшін қазақ жерінде жаңа бекіністер салу ісін жеделдетті. XIX ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында біздің өлкеде Ойыл, Темір, Ақтөбе бекіністерінің іргетасы қаланды.

Деректер бойынша, патша армиясының полковнигі Ю. Борх бастаған әскери отряд Ақтөбе шатқалына 1869 жылы 14 мамыр күні жетіп, бес күннен соң артиллериядан бірнеше дүркін оқ ату арқылы жаңа бекіністің негізі қаланғанын жария еткен.

Бекініске Елек өзенінің жағалауындағы биік төбе таңдап алынған. Кейін құрылыстар соған жалғас екінші төбеде де жүргізілді. Екінші жағынан, бұл бекініс Орынбор-Қазалы керуен жолының бойындағы үлкен аялдаманың бірі болуға тиіс деп жоспарланған. Өйткені Ресей империясы Орталық Азиямен, Иранмен, тіпті одан арғы елдермен сауда-саттықты жылдан-жылға арттыра түсуді көздеген еді.

Бастапқы жоспар

Бастапқыда Ақтөбе бекінісінің аумағы 8900 десятина жер болған. Ақтөбе бекінісі мен оның айналасының 1869 жылы сызылған Жоспары облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Карта күйінде сызылған Жоспардың жаңында төмендегідей түсіндірме тізім бар:

1. Артықбай Көтібар қыстауы
2. Өтеміс қыстауы
3. Қырғыздардың (қазақтардың) Балапан қыстауы
4. Қырғыздардың (қазақтардың) Тұрмамбет қыстауы
5. Сексенбай қорымы
6. Елек өзені
7. Қарғалы өзені
8. Әділ қыстауы
9. Қырғыздардың (қазақтардың) Құсым қыстауы
10. Ақтемір қыстауы
11. Ақтұдай (?) қыстауы
12. Ақтөбе бекінісі
13. Қырғыздардың (қазақтардың) қорымы
14. Қырғыздардың (қазақтардың) Түктібай қыстауы
15. Қаражылан қыстауы
16. Бектұрған қыстауы
17. Лекер
18. Мұхамет-қазы қыстауы
19. Жәрмеңке орналастырылатын жер.

Тізімде көрсетілген қыстаулар бұл жердің бекініс салынғанға дейін де бос болмағанын көрсетеді. Кейіннен бұл жерлер қазақтардан бірте-бірте тартып алынып, XIX ғасырдың соңында қала аумағы үш есе өсіп, 27 101 десятинаға жеткен.

Бекіністі бастапқыда орыстар өзеннің атауымен Илецк, яғни Елек бекінісі деп атапты. Алғашқы жылы мұнда Орынбор казачествосына қарасты 357 солдат қыстаған.

Жалпы, бастапқы жылдары мұнда тек әскери гарнизон болған.

Қала мәртебесі

Ал 1878 жылдың көктемінде бастап әскери губернатор мен уезд бастығының рұқсатымен бекініске тұрғындарды қоныстандыру іске асырыла басталды. Осы жылы көктемде Ақтөбеге шаруалар И. Моценскийдің, Я. Каюдиннің, т.б.-дың отбасылары келіп қоныстанды. Сол жылдың күзінде Воронеж губерниясынан тағы да Трикозов, Гузев, Богданов, Шевцов, Алейников, Литок және дін өкілі, поп Золотарев бастаған 9 отбасы келіп, бекініске орналастырылды. Жалпы, 1878-1879 жылдары бекініске Воронеж, Курск, Харьков, Тамбов губернияларынан 133 отбасы қоныс аударған.

Сондай-ақ әскери қызметтері аяқталған бұрынғы солдаттар —



АЛҒАШҚЫ АТАУЫ — ЕЛЕК

Шемев, Гаврилов, Куклев, Кобляков, Саморуков, Подковыров, ағайынды Агап пен Михаил Мисюриндер осы жерге тұрақтап қалуды көздепті.

Патша үкіметі жаңа тұрғындар тарту үшін 1896 жылға дейін қала айналасынан үй немесе басқа құрылысқа қажетті жерді ақысыз таратып, кейін 10-50 рубльден беретін болды, ал теміржол құрылысы басталғанда жер бағасы өсіп, 500 рубльге дейін жетті.

Тұрғындары осылай бірте-бірте көбейген бекініске 1891 жылы қала мәртебесі беріліпті. Бұл 1891 жылы 25 наурыздағы «Далалық облыстарды басқару жөніндегі ережеде» атал көрсетілген. Алғашында Ақтөбе Торғай облысының құрамындағы Ақтөбе уезінің орталығы болды. Торғай облысына төрт уезд қарады: Ақтөбе, Ырғыз, Қостанай және Торғай. Облыстық басқарма (облыстың басшылығы) Орынборда орналасты. Ақтөбе осы төрт уездің ішіндегі жер көлемі жағынан ең шағыны еді. Алайда патша заманындағы деректерге қарасақ, 1897 жылғы санақ бойынша, Ақтөбе уезінде — 115, 2 мың, ал Ырғыз уезінде 98,7 мың халық болған. Яғни Ақтөбе уезінде халық тығыз орналасқан. Уезд орталықтарына келсек, Ақтөбеде — 2,8 мың, ал Ырғызда 1,5 мыңнан астам адам тұрды.

Алғашқы көшелер

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалада үлкенді-кішілі, жалпы саны 15-16 көше болған. Оның алғашқысы — 1878 жылдың көктем, күзінде келген шаруалар қоныстанған Старожительская көшесі. 1881 жылы бұл көше III Александр патшаның таққа отыру құрметіне «Александровская» деп аталса, 1920 жылы большевиктер бұл атауды неміс революциялық қозғалысының қайраткері Карл Либкнехттің атына ауыстырған. Ал тәуелсіздік алған тұста, 1992 жылы көне көше Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан халық ақыны Шернияздың есімін иемденді.

Ал екінші көше — Елек көшесі 1880 жылы пайда болды. Ол Старожительскаяға көлденең орналасқан. 135 жылға жуық уақыттың ішінде көше аты екі рет өзгертілді: 1925 жылы Елек атауы кеңестік мемлекет қайраткері, соғыс теоретигі Михаил Фрунзенің атымен алмастырылды. Азамат соғысы кезінде алдымен 4-армияның, кейіннен Түркістан майданының бас қолбасшысы болған, Колчак армиясына қарсы шабуылдарды басқарған Фрунзе 1925 жылы қайтыс болған еді.

Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылғы 23 қараша күні

Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімімен Фрунзе көшесі Жанқожа батыр көшесі болып өзгертілді.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1780-1860 жж.) — бүкіл өмірі Ресей отаршыларына, Хиуа, Қоқан хандарына қарсы күреспен өткен батыр.

Ал татар көпестері Фаббасов, Ахметов, Насыров Татар поселкесінің негізін қалап, кейіннен бұл аудан халық арасында «Татарка» аталып кетті.

Қазақтар қуанған мектеп

1880 жылдары бекіністе құрылыс күрт артқан. 1882 жылы мұнда уезд басқармасының ғимараты, уезд басшысы мен орынбасарының үйлері, сот төрағасының, уезд дәрігері мен акушерінің пәтерлері, қабылдау бөлмесі және абақты салынды. Уезд басшысы болып әр жылдары Иван Шлиттер, капитан Петр Сунгуров, Константин Лазарев, Николай Краснокутский, султан Сейдалиев, ротмистр Николай Ревякин, Хантинский, полковник Николай Сухин тағайындалды.

Уезд басшыларының көмекшілері, іс-қағаздарын жүргізетін екі хатшысы болды.

1881 жылы Бөрте болысында Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен ашылған мектеп 1884 жылы Ақтөбеге ауыстырылды. Мұнда ол екі класты орыс-қазақ училищесі болып ашылды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Сұлтанғалиеваның дерегі бойынша о баста-ақ училищені Ақтөбе бекінісінде ашу көзделген. 1880 жылдың қараша айында Торғай облысының генерал-губернаторы А. Константинович Ақтөбе бекінісін аралап, Е. Тухтин деген көпестің үйін училищеге лайық ғимарат ретінде таңдапты. Бірақ не себеп екені нақты белгісіз, училищенің алғашқы оқушылары 1881 жылдың күзінде Бөрте болысындағы Красногор стансасына қарама-қарсы орналасқан медресе ғимаратында бас қосқан. Оқушыларға алғашқы сабақты Торғай облысы Халық училищелерінің инспекторы Ыбырай Алтынсарин жүргізген.

Кейіннен жазушы Ғалым Ахмедов (1906-2002 жж.) те осы мектеп ашылған кезде қазақтар ат шалтырып, той жасаған деген естелік естігенін жазып қалдырған.

1883 жылы Ақтөбеде училищеге арнап салынған ғимараттың құрылысы аяқталған. Құрылыс жұмыстарына қазынадан 34 182 рубль қаржы бөлінген.

Тарихшы Гүлмира Сұлтанғалиеваның деректері бойынша, ғимарат құрылысына қазақтар да ақшалай көмек көрсеткен. Қазақтар жинаған қаржы 13 398 рубль болды. Училищені ұстап тұру үшін жыл сайын

4899 рубль 80 тиын қаржы қажет болса, соның 2390 рублі ғана қазынадан бөлінген де, ал қалған бөлігін, яғни 2509 рубль қаржыны қазақтар жинап берген.

1884 жылы училищеді 43 оқушы болды. Олардың 29-ы қазақ та, 14-і орыс еді.

Ал білім ордасының алғашқы директоры — Қазан оқытушылар семинариясының түлегі Арсений Мазохин. Ол училищені 1881-1886 жылдарда басқарып, кейін діни қызметке ауысқан. Бұрын да жазып жүрміз: аталған екі кластық училище ғимараты Шернияз және Некрасов көшелерінің қиылысында сақталған. Бүгінде ол — тері-венерологиялық дерттерге қарсы облыстық диспансердің ғимараты.

1895 жылдың қыркүйегінде Ақтөбе қаласында қыздарға арналған орыс-қазақ училищесі де ашылды. Оның ғимараты да қазақтардан ерікті түрде жиналған қаржыға салынды. 70 орындық оқу орнында 50 орыс және 20 қазақ қызы оқытылды.

Орынбор мұрағатында сақталған «Тургайская газетаның» 1896 жылғы 15-17 сандарында Ақтөбедегі орыс-қазақ қыздар училищесі ғимараты мен осы мектептің бір топ оқушыларының суреті беріліп, тұсына мынадай түсініктеме жазылған: «Қыздар мектебі — сыртқы сәулеті және ішкі құрылысы жөнінен әдемі салынған үй. Оның үлкен де таза, жарық бөлмелері қуанышты әсер қалдырады. Мұнда басқа мектептердегідей даланың таза ауасына үйренген қазақ баласына қолайсыз шаң-тозаң, сыз жоқ. Қазақ қыздары үшін қажетті жағдайлардың бәрі жасалған. Мектепте: а) 5 қазақ қызына арналған интернат; б) оқытушының үйі; в) 2 класс бөлмесі; г) қолөнер бөлмесі; д) лазарет бар».

Аурухана қашан ашылды?

Империяның отаршыл аппараты үшін шенеуніктер, аудармашылар, мұғалімдер әзірлеу мақсатымен патша үкіметі қазақ жеріне салынған қалаларда зайырлы сипаттағы мектептер ашуды ертерек қолға алса, ал ауруханалар ашуға асыға қоймаған.

«Тургайская газета» басылымының 1896 жылғы 14 қаңтарда шыққан 3-санында: «Ақтөбе қаласында аз керуентпен аурухана ашу жөніндегі мәселе жақын күндері ішкі істер, сонымен бірге Қаржы және мемлекеттік мүлік министрліктері тарапынан оң шешім тапты. Аурухана үшін жергілікті қазына үйлерінің бірін, атап айтқанда, бұрынғы уезд дәрігерінің пәтерін лайықтап, оны жабдықтау және ұстап тұру шығыны жергілікті есептен қарастырылады.

Бұл ізгі және әсіресе Ақтөбе қаласы үшін өте қажет мекемеге қуанбасқа болмайды. Бұл қалада дәрігерлік істің дұрыс жолға қойылмауына жергілікті әкімшілік пен баспасөз көптен алаңдаушылық білдіріп жүрген еді. Баспасөз бетінде дәрігерлік көмектің уақытында берілмеуінен, эпидемияға қарсы күрестің сылбырлығынан болған қайғылы жайттар туралы көп жазылды. Фельдшерлер мекемесі мен қабылдау бөлімінің ашылуы түрлі ауруларға қарсы күресте үлкен жетістік болып табылады және бұл қадам болашақтағы қырғыз (қазақ) даласындағы жүйелі, ұйымдасқан дәрігерлік көмек ісінің басы болсын демекпіз», — деп хабарланыпты.

Осында айтылғандай, әр жылдары бекіністе жұқпалы аурулар да бас көтерген. Мысалы, 1890 жылы мұнда мал арасындағы وبا; 1891 жылы — қызамық; 1893-1894 жылдарда — күл; 1895 жылы тырысқақ эпидемия-

сы тіркелген. Әсіресе 1895 жылғы тырысқақ эпидемиясы халыққа қиын тиіпті. Науқастар үшін ешқандай көмек шаралары ұйымдастырылмаған, тіпті бірде-бір қабылдау пункті болмады. Дер кезінде дәрігерлік көмек ала алмаған ондаған адам көз жұмған.

1885 жылы Ақтөбеде «халық санының көбеюіне байланысты» дәріхана ашуға да рұқсат беріліпті. Алайда дәріхана алғаш рет 1902 жылы ғана ашылды. Оның иесі — провизор Самуил Левшиц. Дәріхана Благовещенская көшесінде (қазіргі М. Өтемісов атындағы көше) ашылған.

1911 жылы Ақтөбеде қоныс аударушыларға арналған үш дәрігерлік пункт жұмыс істеп тұрды. Сондай-ақ әскери, теміржол, басқа да салаларға қарасты медициналық мекемелер де болды. Ал 1914 жылғы 6 мамырда Ақтөбеде туберкулезге қарсы күрес күні өтіпті. Оны ұйымдастырған — қалалық дәрігер В. П. Остащенко-Кудрявцев. Бұл күні тұрғындардан туберкулезге қарсы күрес Лигасы үшін 600 рубль қаржы жиналыпты.

Ақтөбедегі көне денсаулық сақтау нысандарының бірі — Тахуаи Ахтанов көшесіндегі қазіргі қалалық №2 кеңес беру-диагностикалық емханасының ғимараты. Ол 1937 жылы пайдалануға берілген. Соғыс жылдары мұнда жараланған майдангерлерге арналған госпиталь ашылды.

XX ғасыр басында...

1901 жылы Ақтөбе қаласы арқылы Орынбор-Ташкент теміржолының өтуіне байланысты қала тұрғындарының саны теміржол жұмысшылары мен қызметкерлері есебінен толықса, ал 1907 жылы қалада қонақүй де салыныпты.

Ақтөбенің 130 жылдығына орай облыстық «Ақтөбе» газетіне арнайы жазған естелігінде жазушы Ғалым Ахмедов XX ғасыр басындағы жағдайды былай суреттейді: «Бала кезімде көргенімде, екі төбенің екеуі де айнала кең қазылған ор, әр жерде адам сүйектері шығып жатушы еді... Екі төбенің Елек жағындағысының төбесінде ерт шыққанды бақылайтын биік тақтай «колонна», өрт сөндіруші команда, түрме бар еді. Қыр жағындағы төбеде ештеңе жоқ, етек жағында солдат камерасы болатын. Ең үлкен мектеп үйі — Ы. Алтынсарин кезінде салынған екі кластық (алты жылдық) орыс-қазақ училищесі... Қаланың өзі де шағын, 25 мыңдай халқы бар, көпшілігі орыс, біраз татар (Татарская слобода), украин (Отарвановка), қазақтардан уездный начальниктің тілмашы Құдияр Арынғазиев, Қасым Арынғазиев (бұл кісінің қайда істегенін білмеймін, төңкерістен кейін Уақытша үкіметтің комиссары болған), фельдшер Мұқай Топаев, полицейское управлениеде болыстарға хат таситын Дайыр Әлмұхаммедов (1917 жылы өз ажалынан өлді), Мисалым Әлмұхаммедов (1937 жылы қамалып, түрмеде өлді). Жұмағали Қосмағамбетов (біраз жыл лагерде болып, еліне оралды), базаршылар түсетін үй ұстаған бір-екі қазақ болды», — дейді.

Қаланың кеңес заманындағы тарихына көз жүгіртсек: 1921-1928 жылдары Ақтөбе — Ақтөбе губерниясының; 1928-1930 жылдары — Ақтөбе округінің орталығы болды, ал 1932 жылы Ақтөбе облысы құрылған кезде осы облыстың орталығына айналды.

Қазір Ақтөбе — еліміздегі жер көлемі жөнінен ең үлкен өңірдің орталығы.

А. САРЫБАЙ.

